



БӨЖ

Тақырыбы: Сот медицинасындағы
травматология бойынша жалпы сұрақтар.
Өткір және доғал зат қару жарақаттарын
сараптау. Жәбірленуші мен күдікті
адамдарға сараптама жүргізу.



Қабылдаған: Жұманазаров Назарбек – м.ғ.к доцент

Тапсырған: Әлібек Арман

Жоспар



1

**Сот медицинасындағы
травматология**

2

Жарақат және оның түрлері

3

Механикалық жарақаттар

4

**Доғал және өткір заттардан
болған жарақаттар**

5

Қорытынды

6

Пайдаланылған әдебиеттер



Сот медицинасындағы травматология



Травматизм - белгілі бір уақыт аралығында еңбек және өмір жағдайлары ұқсас адамдардағы жарақаттар жиынтығы.

Травматизмнің түрлері:

- 1. Өндірістік – өнеркәсіп және ауыл шаруашылықтық.*
- 2. Транспорттық – автомобиль, темір жол, авиациялық жарақаттар.*
- 3. Көшелік - қоғамдық орында, көшеде алынған зақымданулар.*
- 4. Тұрмыстық – тұрмыстық жағдайдағы қасақана және абайсыздан жасалынған зақымдар.*
- 5. Әскери – соғыс және тыныштық кезіндегі әскерлердің зақымдары.*
- 6. Спорттық – спортпен айналысу барысындағы алынған зақымдар*



Жарақат



Медициналық көзқарас тұрғысынан травма немесе *жарақат* деп, сыртқы орта факторларының әсерінен анатомиялық бүтіндіктің бұзылуы немесе ағзалар мен тіндердің физиологиялық қызметінің бұзылуын атайды.



Сыртқы орта факторлары былай бөлінеді:

1) Физикалық факторлар:

- Механикалық факторлар (доғал және өткір заттар әсері, оқ әсері)
- Жоғары және төменгі температура
- Электр тогы
- Сәулелі энергия
- Атмосфералық қысым әсері



2) Химиялық факторлар (улы қосылыстар әсері)

3) Биологиялық факторлар (микроб, токсиндер әсері)

4) Психикалық факторлар (стресс, қатты қорқу және т. б.)



Механикалық жарақаттар



Механикалық факторлар әсерінен алынған жарақаттар - механикалық жарақаттар немесе зақымданулар деп аталады. Барлық *механикалық жарақаттар морфологиялық және функционалды* болып табылады.



Морфологиялық жарақаттар - тіндердің, ағзалардың морфологиялық өзгерісімен көрінеді. Морфологиялық жарақаттар - сызат, қанталау, жаралар, сынықтар, буынның шығуы, ішкі ағзалардың жұлынып кетуі немесе ағзаның капсуласының жарылыш кетуі, ішкі ағзаларға қан құйылуы немесе дененің бөлшектенуі (қолы жұлынып кетуі және т. б.) түрінде болуы мүмкін.





Функционалды жарақаттар: жарақат әсерінен дамыған шок, бас миының, жұлынның шайқалуы, тыныстың бұзылуы және т. б. түрінде көрінуі мүмкін. Механикалық жарақат түсіретіндер доғал заттар (қарулар, құралдар), өткір заттар (қарулар, құралдар) және оқ болып табылады.





Доғал заттан болған жарақаттар

Соққы - бұл травматикалық объект пен дененің қысқа уақытты механикалық өзара әрекеттесуі. Травматикалық күштердің әсері орталыққа тартылады. Соққыдан көгеру, соғылған жаралар, қаңқа сүйектерінің жергілікті сынықтары, мидың ошақтық соғылулары. Қысылу - денеге екі немесе одан да көп травматикалық заттардың әсер етуі. Күштердің әрекеті орталыққа бағытталған. Компрессия дененің бір бөлігінің деформациясымен, мүшелер мен ұлпалардың ұсақталуымен, қысылған сынықтармен, мүшелердің жарылуымен және дене бөліктерінің бөлінуімен сипатталады.





Сызат - доғал заттың әсерінен пайда болатын эпидермистің және шырышты қабаттардың эпителиінің бүтіндігінің бұзылуы. Сызат жазылу барысында қабыршақ пайда болады. Тыртықтың тузілуі сызатқа тән емес. Сызаттың жазылуы сатылы түрде өтеді.



- алғашқы сағаттарда сызаттың түсі ашық қызыл болады. Сызаттың беті сулы болып айналасындағы зақымдалмаған тері деңгейінен төмен орналасады;
- сосын сызаттың беті кеуіп қабыршақтанады және қоршаған зақымдалмаған тері деңгейімен деңгейлесіп, содан кейін сызат қабығы қалыңдап көтеріледі:



- уақыт өткен сайын сызаттың бетіндегі қабыршақ астында эпителизация жүреді, қабыршақ шетінен бастап, бірте-бірте түсе бастайды:
- қабыршақ түскеннен кейін біраз уақытқа дейін сызаттың орнында қызғылт дақ болады. Сосын ол дақ жойылып тері қалыпты түсіне енеді, яғни, сызат толық жазылады





Мәйітті тасымалдау кезінде, немесе басқа себептерден мәйітте де эпидермис *сырылып* кетуі мүмкін. Өлгеннен кейінгі пайда болған сырылу белгілері - «пергамент дақтары» деп аталады

Сызаттың сот- медициналық маңызы:



- Адамның денесіндегі сызат - механикалық күш көрсетілгендіктің нақты айғағы.
- Сызат бойынша жарақаттың алынған уақытын анықтауға болады.
- Күштің түскен орнын көрсетеді. Мысалы, қолмен буындырған кездес мойнында жарты ай тәріздес сызат қалады.
- Жарақат түсірген зат (қару, құрал) туралы жорамал пікір айтуға болады.
- Эпидермистің жалбыршағы бойынша әсер еткен заттың бағытын білуге болады.
- Сызаттың тірі кезінде немесе өлгеннен кейін пайда болғанын анықтауға болады.





А.Ф.Кулик бойынша сырылдардың жазылу сатысы

Стадии заживления осадин различной давности и локализации (по А. Ф. Кулику)

№	Стадия заживления осадины	Локализация осадин				
		Шея	Спина	Верхние конечности	Нижние конечности	Живот
1	Корочка расположена на уровне <u>интактной</u> кожи	Через 12 ч	К концу 1-х суток	К концу <ul style="list-style-type: none"> 1-х — началу 2-х суток 	К концу 2-х суток	К началу 3-х суток
2	Корочка возвышается над уровнем неповрежденной кожи	К концу 1-х суток	2-е сутки	К началу 3-х суток	3—4-е сутки	4-е сутки
3	Корочка отслаивается по периферии осадины	4-е сутки	5-е сутки	6-е сутки и заметно <u>только</u> под лупой	7—8-е сутки	Конец 8-х суток
4	Отдельные части корочки отпадают	К концу 5-х суток	6-е сутки	К концу 8-х суток	9-е сутки	10-е сутки





- А) Эпидермистің зақымдалуы;
- Б) Қабыршақтың пайда болуы;
- В) Эпителизация кезіндегі қабыршақтың қабаттануы;
- Г) Қабыршақтың түсіп қалуы



Қанталау – доғал затпен соққы берілгенде, дсне доғал затқа ұрылғанда, дене ауыр затпен жаншылғанда пайда болады. Бұл кезде қантамырлары жарылып тері астына жәнс терең жатқан тіндерге қан құйылады. Қанталаулар терең, және беткейлі болады. Терең қанталаулар механикалық әсерден кейін 2-3 күнде ғана теріде кәрінуі мүмкін. Беткейлі қанталаулар соққыдан кейін 20-30 минут ішінде теріде байқалады.



Қанталаудың негізгі белгілері: зақымданғай аймақ, кілегей беттеріндегі қызыл-көк, сарғыш және жасыл түске енуі. Қанталау белгілерінен травматикалық заттың формасы мен көлемін анықтауға болады.




Қанталаудың түсінің өзгеруі гемоглобиннің төмендегі туындыларының пайда болуымен түсіндіріледі:

- тотықсызданған гемоглобин, метгемоглобин, вердгемоглобин, биливердин, билирубин
- алғашқы күндерде қанталау қою қызыл немесе көк түсті болады
- 4-7 күнде сия көк және жасыл әнді бола бастайды
- 7-10 күнде сарғыш болады
- 12-14 күнде терінің түсі қалыпты түріне енеді. Шырышты қабаттардағы қанталаулар түсін өзгертпейді.





Сүйек сынықтары, сынықтардың формасы, көлемі әсер етуші доғал заттың сипатын (әсер ету бетінің көлемі, формасы, қырының болуы, бетінің тегіс немесе кедір- бұдырлы болуы) және әсер ету күшіне, сүйекке жанасу бұрышына тікелей байланысты. Жалпақ сүйектер (бас күмбезі, түбі) көбінесе қатты доғал зат әсерінен майысып сығымдалудан сынады. Сүйектер сығымдап майысуға төзімдірек келеді, ал керу кезінде тез сынады. Қыры бар доғал заттармен жалпақ сүйектерге соққы берілсе, сол заттың қыры сүйекке еніп жарықшақтанған сынық.



Қабырғалардың сынуы. Қабырғалар соққы әсерінсн соққы тиген жерде сынуы мүмкін. Сынықтың пайда болу механизмі: соққы тиген кезде қабырғаның сыртқы беті сығымдалып ішке қарай майысады, ал ішкі беті керіліп созылады, сондықтан сүйектің ішкі беті шытынап сынып, сынық сүйектің сыртқы бетіне тарайды. Соққы берілген жердегі сынықтар «тікелей соққыдан алынған сынық» деп аталады.








Жамбас сүйектерінің сынуы барлық сынықтардың 5-10% құрайды кәбінесе көлік апаты кезінде нсмесс адам биіктіктен құлағанда пайда болады.

Омыртқалардың сынуы доғал затпен алынған соққыдан көбінесе омыртқалардың көлденең және қанаттәрізді өсінділері сынады. Бұл өсінділердің сынуы компрессия әсерінен де байқалады. Көлік апаты кезінде, адам дснесін ауыр заттар басып қалған кезде, омыртқа аралық дискіердің үзілуі, мыжылуы болуы мүмкін



Доғал заттардан болған жарақаттар



Өткір заттардан болған жарақаттар



Өткір құралдар мен заттардың өткір жиегі және үшкір ұшы болады. Өткір жиектің және өткір ұштың болуына байланысты оларды:

- Кесу құралдары (өткір қыры бар);
- Шаншитын құралдар (өткір ұшы бар);
- Аралас (кесетін, шаншитын) (өткір қыры және өткір ұшы бар) құралдар;
- Ұсақтауға арналған құралдар (өткір және өткір ұштары бар, массивтілігімен ерекшеленетді).





Кесілген жаралар - кесетін заттар өткір жүзімен және салмағының аздығымен (ұстара, пышақ) сипатталады. Кейбір заттардың кесу әсері де бар: әйнек сынықтары, өткір жиектері бар металл бөліктері.

Әсер ету механизмі:



теріні және жұмсақ тіндерді қысыммен бөлу және кесу құралының өткір жиегінің дене беті бойымен трансляциялық қозғалысы.



Кесілген жараның белгілері: сыртқы қан кетулер; сызықты, доға тәрізді, шпиндель тәрізді немесе зигзаг тәрізді; үлкен ұзындық және терең емес тереңдік; өткір ұштар, түзу жиектер; терінің, сүйектің немесе шеміршектің бетіндегі ойықтар.





Шаншитын заттармен болған зақымданулар:
шаншитын заттар ұзынша формалы және ұшы сүйір болады. Бұндай заттар тіндерге ене отырып, оларды ығыстырып ажыратады, соның нәтижесінде кіретін тесік және жара өзегі түзіледі. Осындай жарақаттардың негізгі ерекшеліктері терең жара өзегінің болуы және сыртқа аз мөлшерде қан кету. Кіретін тесіктің формасы шаншитын заттың көлденең кесіндісінің формасына байланысты. Конус тәрізді және цилиндр тәрізді, ұшы сүйір заттардан теріде дөңгелек саңылау тәрізді жаралар пайда болады. Шаншылған (тесілген) жаралар паренхиматозды ағзаларда жақсы көрінеді, әсіресе, бауырда жараның саңылауы қарудың көлденең кесіндісіне сәйкес келеді. Жалпақ сүйектер шаншитын заттармен зақымдалған кезде қарудың түрін саңылауға қарап анықтауға болады.





Шабатын заттармен болатын зақымданулар. Шабатын заттардың ерекшелігі - өткірлігі және ауыр салмағы. Зақымның деңгейі зақымдайтын заттың өткірлігіне, салмағына және сокқының күшін байланысты. Одан басқа балта сабының ұзындығының да мадызы бар. Шабылған жаралар тузу сызықты болады, олардың ұзындығы тереңдігінен және енінен үлкенірек келеді, жиектері және қабырғалары тегіс болады, көлденең кесіндісі сына тәріздес. Жаралардың ұштарының жанында беткей тіліктер болмайды. Жиектердің сызаттанғаны байқалады. Шабылған жаралар көбінесе терең және ашық болады.





Қорытынды



Қорытындылайтын болсақ кез келген жарақат белгілі бір факторлардың нәтижесінде пайда болады. Нәтижесінде зақымдалған аймақта анатомиялық бүтіндіктің бұзілуі мен сол аймақтағы тіндердің бұзылысымен көрінеді. Ондай бұзылыстарға: қанталау, күйю, сызаттар, соғылулар, сүйектердің сынықтарын атап айту, а болады. Кейбір өткір заттар: дененің бүтіндігін бұзады оларға жыртылу, кесілуі сияқты болуы мүмкін.

Пайдаланылган әдебиеттер



1. Судебная медицина “Ю.И. Пиголкина”/г.Москва 2012г./135-170 б.



2. Судебная медицина “В.Н. Крюков”/2006г.

3. №3 дәріс “Н.А.Жуманазаров”

4. <https://studref.com/>

Видеога ссылка:

<https://www.youtube.com/watch?v=RVjFvVUCYN0>

